

development of anxiety in children at early school age, and proposes a program for the prevention of school anxiety of primary school pupils.

ЭОЖ 378.147

Р. Нұрсейіт¹, С. К. Ксембаева²

¹магистрант, ²к.п.н., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: ²mikalasoni@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТИҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АМАЛДАРЫ

Бұл мақалада «құзырет», «құзыреттілік» түсініктері, сондай-ақ жоғары кәсіби білім беру жүйесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері қарастырылады.

Кілтті сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

КІРІСПЕ

Білім туралы заңда білім берудің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Ол үшін «оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген міндеттер қойылады. Демек, оқу-ағарту саласында өзекті мәселенің бірі – білім алушыны сапалы қарым-қатынасқа даярлап, тұлғаның коммуникативтік, құралдық, пәндік, жүйелілік құзыретін қалыптастыру. Білім алушының білімді меңгеру, ақпаратты қабылдау, саралау, жүйелеу және қарым-қатынасты жетілдіру, дамыту, техникалық құралдарды қолдану арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетінше жасамапздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізетін, педагогикалық іс-әрекетті кәсіби түрде жүзеге асыратын кәсіби қабілеттерін дамыту қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қоғамда, ұжымда мамандардың кәсіби құзыреттіліктерді игермегендігінен, кездескен жағдаяттарды дұрыс шеше алмай, теориялық тұрғыдан да жауап

284

– жеке тұлғалық, мұнда үлкендер ерекше тұлға, қоғам мүшесі, оның тобының ерекше өкілі.

Барлық жағдайларда адамдар анықталған қызметтерді орындайды және нақты коммуникативтік қажеттілікті қанағаттандырады. Демек, білім алушының тілдік құзыреттілігін дамыту үшін сөйлеу ортасын ұйымдастыруға байланысты болатынын алғаруға болады.

Тілдік қарым-қатынастың жүйелі, мазмұнды болуы ақыл-ой еңбегінің нәтижесімен бірге логикалық ой амалдары туралы жинақтау, талдау, нақтылау, салыстыру, жалпылау, жіктеу, қорытындылау дағдысына байланысты. Тіл дамыту әрекет дәрежесінде жүргізіліп, қарым-қатынастың табиғи түріне пікір айту салалы оқытудың психологиялық негіздері арқылы ұйымдастырылса нәтижелі болады.

Білім алушылар алған білімінің ғылыми мәнін түсінбесе, орынды қолдана білмесе, онда оның алған білімі үстірт алған білімге жатады. Ондай білім саналы менгерген білім емес тек ереже, заңдылықтарды және мәтін мазмұнын кітап үлгісінде жаттау жолымен қабылданған білім болып табылады. Тез ұмытылады, алған білімін өмірлік іс-әрекетте қолдана алмайды. Сондықтан білім алушылар қолдану жүйесін менгеруі керек.

Оқыту мазмұны бойынша білім алушының тілдік қарым-қатынастың жұтандығы мен тіл мәдениеті төмендігін жою үшін, жалпы білім беретін мектептерде сөйлеуге жаттықтыру, тіл дамыту жұмыстары жүйесін жасау керек: сөйлеу тіл дамыту жұмысының мазмұны, мақсаты мен міндеттерін нақтылау; мектептердегі бағдарлама, оқулық, оқу құралдарындағы тіл дамытуға байланысты материал көлемін теориялық жағынан анықтау қажет. Тіл дамытуда басшылыққа алатын оқушылардың сөйлеу іксемділігін дамыта оқытуда зерттеулердің қазіргі талаптарға сай болмауын ескере отырып, білім алушының тілдік қарым-қатынасын дамыту керек.

Тәжірибелік жұмыс С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде педагогика және психология мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттерімен өткізілді. Жалпы біздің зерттеуімізге он екі студент қатысты, олардың ішінде бірінші, екінші және үшінші курс студенттері бар. Бастапқыда оларға коммуникативтік құзыреттілік жайында сұрақтар қойылды. Сұрақтар тізімі:

Құзыреттілік дегеніміз не?

Құзыреттіліктердің қандай түрлерін білесіңдер?

Коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру жолдары қандай?

Алынған жауаптар нәтижесінде мынадай қорытынды шығарылды: қатысқан 100 % студенттерден – 69 % коммуникативтік құзыреттілік жөнінде толық білімдері бар екенін көрсетті (1 топ), 23 % – орта дәрежеде

286

бере алмау салдарынан және өз ойын дұрыс жеткізе алмағандығынан көптеген келенсіздіктің түрлері туындап жататыны жалған емес. Сондықтан жоғары оқу орындарда оқыту, білім беру үрдісінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдерін анықтап алуын маңызды зор. Осының бәрі мақаламыздың өзектілігін дәлелі деп есептейміз.

Құзыреттілік тұрғыда білім беру мәселелері отандық ғалымдар Кенжебеков Б. Т. [1], Таубасва Ш. [2], Бөшірова Ж. Р. [3], ресейлік зерттеушілер А. В. Хуторский [4], И. А. Зимняя [5] және т.с.с. еңбектерінде біршама зерттеліп отыр.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру әдістеріне тоқталар болсақ, алдымен оның құралы ретінде тілді алуға болады. Өйткені барлық құзыреттіліктер тіл арқылы жүреді.


Сөйлеу әрекетін жүзеге асыратын тіл де, оның іске асуына жағдай жасайтын коммуникация «коммуникативтік» ұғымына қатысты зерттеу еңбектерінің қайқайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті деп айтылады.

Тілдік қатынас ойлау мен сөйлесудің бірлігінен тұрады. Өйткені тіл ойдың көрінісі, адам өз ойын тіл арқылы сөйлеу әрекетімен жеткізеді. Сөйлеу әрекеті әр түрлі ғылым өкілдерін қызықтырған мәселе. Көптеген ғалымдар сөйлеу нысанына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист-ғалымдар сөйлеу әрекетімен тілдің ара-қатынасын сөз етсе, психологтер сөйлеу әрекетінің жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиология жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексерсе, психолингвисттер сөйлесуі әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік санамен байланысын, сөйлеу аппаратының ойға қатысты қимыл-қозғалысын дәлелдейді. Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл көрсеткіштердің бір тұтастығы баланың іс-әрекетінде, өзінің бейнесін құруға және басқа адаммен қарым-қатынаста қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қарым-қатынас мотиві адамның өзінің және басқа адамдардың сапаларымен толықтырылады, қоршаған адамдардың әсері арқылы индивид өзін тануға және бағалауға кіріседі. Осы сапалардың арасынан баланың үлкендерге еліктеуі арқылы қарым-қатынастың қалыптасуын топтастыруға болады:

- танымдық, мұнда үлкендер баланың жаңа әсер қалдырушы ұйымдастырушысы және мәліметтер жинақтаушысы;
- іскерлік, мұнда үлкендер біріккен практикалық іс-әрекеттің серігі, қозғалыстың көмекшісі және үлгісі;

285

білімдері бар екенін көрсетті (2 топ), ал, қалған 8 % бұл сұрақтарға қысқа, толықтырылмаған жауап беруге үлгерген (3 топ).



Сурет 1 – Бірінші бақылаудың нәтижелері

Біздің пайымдауымызша, білім алушының бойына коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін мынадай біліктілік пен іксемділікті менгерту қажет:

- кез келген ортада өзіне қойылған және бөгде біреуге қойылған сұрақтарға сауатты жауап беруге даяр тұруы;
- қарым-қатынаста сөз байлығын кенінен қолдана алу, оның ішінде көркемдегіш, бейнелесуші сөздермен коммуникация орнату;
- кез-келген тұлғаралық қарым-қатынасты сынай білу және бағалау;
- тұлғаралық конфликт орнаған жағдайда дұрыс шешім қабылдап, әңгімелесушімен шебер тіл табыса білу іксемділігі т.б.

Зерттеу жұмысымызға қатысқан студенттермен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту барысында біз көп-теген әдістерді пайдаландық, мәселен, оқытудың диалогтық, монологтық әдіс-тәсілдерін, бірнеше пікір сайыс ұйымдастырдық. Студенттерден сұхбат алады, әңгімелесуді жоспарлап өткізуді және т.б. әдістерді белсенді пайдаландық.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға сондай-ақ білім беру ұйымдарындағы білім алушының олимпиадалық жарыстары да ғылыми конференциялары да ықпал етеді. Небір шешендерді тыңдау және қабылдау мүмкіндігі, пікірталасқа түсу, кәсіби шеберлермен тікелей қарым-қатынас жасау белгілі бір кәсіби үдерістерді түсіндіріп, жаңа ұғымдарды игеруге, өзлері үшін


287

іскери педагогикалық қарым- қатынас икемділіктерін қалыптастырудың жолдары мен амалдары анықталады.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы тағы бір тәсіл – пікірсайыс. Ол тек оқушылардың қарым-қатынасын, сөздік қорын молайтып қана қоймайды, сонымен бірге ойлаудың жылдам өрістеуіне ықпал етеді. Пікірсайыс қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысын қамтамасыз ететін ережелердің болуымен сипатталады. Екі жақ өз позициясын айтып қана қоймайды, сонымен қатар қарсыластарының дәйектеріне жауап беруі тиіс.

Студенттермен жұмыс жасауда осы, жоғарыда аталған әдістерді, белсенді түрде пайдаландық. Зерттеу жұмысымыз бір семестр бойынша жүргізілді, нәтижесінде студенттердің білім сапасының өзгеріп-өзгермегенін тексердік.

Тексеру жұмыстарын жүргізу үшін, біз студенттерге бақылау жұмысын өткіздік. Бақылау жұмысына 100 % қатысқандар арасында 87 % барлық сұрақтарға дұрыс (1 топ), толық жауап бере білді, 11 % – да жақсы жауап беріп, өздерінің коммуникативтік құзыреттілік не екеніне пікірлерін жеткізе білді (2 топ). Қатысушылардың арасында, тек 2 % жауаптарын берсе де, дұрыс мән-мағынасын көрсете алмады (3 топ).



Сурет 2 – Соңғы нәтижелері

Бірінші суретпен салыстыратын болсақ, студенттердің коммуникативтік құзыреттілік жөнінде білімдері толықтырылып, саналы түрде меңгергендері көрінеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі жылдам қарқынмен дамып отырған дүние жағдайларында білім алушылардың сөйлегенде сөзі, алуан ойлы өткір, қиялды тереңнен тартып, ұғымды, әсерлі етіп сөйлей алатын, кез келген ортада қарым-қатынасты орната алатын құзыретті тұлғаны қалыптастырудың маңызы зор. Бұл тұрғыдан жоғары

оқу орындардың оқу үдерісінің мазмұнында коммуникативтік құзыреттілікке көңіл бөлініміз дұрыс бағыт деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Кеңебеков, Б. Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру : Пед.ғылым.д-ры ғылыми...авторсф. – Қарағанды, 2005

2 Таубаева, Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы. Диссертация на соискание док.п.н. – Алматы, 2001. – 371 с.

3 Башірова, Ж. Р. Болашақ педагогтардың коммуникативтік біліктілігінің басты мәселелері // Менеджмент в образовании. – 2006. – № 3. – С. 83-90.

4 Хуторский, А. В. Ключевые компетенции как компонент личности – ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 59-68.

5 Зимняя, И. А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34-42.

Материал баспаға 18.05.17 түсті.

Р. Т. Нурсейит, С. К. Ксембаева

Приемы формирования коммуникативных компетенций будущего педагога
Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 18.05.17.

R. T. Nurseit, S. K. Ksembaeva

The way of formation of communicative competence of the future teacher
S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 18.05.17.

В данной статье рассматриваются понятия «компетенция», «компетентность», а также педагогические приемы формирования коммуникативных компетенций в системе высшего профессионального образования.

